

## **Жоғары деңгейдегі топтың жиыrmасыншы мәжілісін өткізуге қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 118-ө  
Өкімі

2005 жылғы 13 мамырда Астана қаласында Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Украинаның Біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастыру жөніндегі Жоғары деңгейдегі топтың (бұдан әрі - Жоғары деңгейдегі топ) жиыrmасыншы мәжілісінің өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Жоғары деңгейдегі топтың мәжілісіне қатысатын Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина делегацияларының мүшелеріне қонақ үйде тұруға және тамақтандыруға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 794400 (жеті жүз тоқсан төрт мың төрт жүз) теңге сомада қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*